

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 1 из 14

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның
шешімімен бекітілген
2025 жылғы «__»
_____ №__ хаттама

**«QAZAQGAZ» ҰК» АҚ-НЫҢ
БАСТАМАШЫЛЫҚ АҚПАРАТТАНДЫРУ
ҚАҒИДАЛАРЫ**

Дана: _____

Астана қ, 2025 ж.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 2 из 14

Алғысөз

«ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының 2021 жылғы «22» желтоқсандағы шешімімен бекітілген П-13-21 «ҚазТрансГаз» АҚ бастамашылық ақпараттандыру қағидалары» құжатының орнына енгізілді.

Қайта қарау күні: 2028 ж.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 3 из 14

Мазмұны

1. Мақсаты және қолданылу саласы.....	4
2. Нормативтік сілтемелер	4
3. Терминдер мен анықтамалар	4
4. Қысқартулар мен белгілеулер.....	5
5. Жауапкершілік және өкілеттіктер	5
6. Негізгі бөлігі	6
6.1. Бастамашылық ақпараттандыру қағидаларын қолданудың негізгі қағидаттары	6
6.2. Бұзушылықтар/ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлаудың негізгі қағидалары	7
6.3. Бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі және ден қою шаралары	7
7. Жазбалар	9
8. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату	9

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 4 из 14

1. Мақсаты және қолданылу саласы

1.1. Осы "QazaqGaz" ҰК" АҚ бастамашылық ақпараттандыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына, ҚР СТ ISO 37001-2017: "Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйелері" стандартына, "QazaqGaz "ҰК" АҚ (бұдан әрі - Қоғам) қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

1.2. Қағидалар Қоғамның Іскерлік этика кодексінде, Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында қамтылған құндылықтар мен мінез-құлық стандарттарына негізделеді.

1.3. Осы Қағидалар Қоғамның барлық лауазымды, қауымдастырылған тұлғалары мен жұмыскерлеріне қолданылады және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы, Қоғамның реттеуші талаптары, Қоғамның Іскерлік этика кодексі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де ішкі нормативтік құжаттары талаптарының бұзылуының алдын алуға және олард болдырмауға бағытталған.

1.4. Қағидалардың ережелері транспаренттілік/ашықтық/айқындылық принциптеріне негізделген.

1.5. Қоғамның ЕТҰ-да Қағидаларды қолдану ұқсас қағидаларды әзірлеу және бекіту немесе Қоғамның ЕТҰ-ның ішкі құжаттарын осы Қағидаларға сәйкес келтіру жолымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте, осы Қағидаларда көзделген талаптар Қоғамның ЕТҰ-ның ұқсас қағидаларында және ішкі құжаттарында төмендетілмеуі тиіс.

1.6. Егер ЕТҰ орналасқан елдердің заңнамасы мен ЕТҰ-ның ішкі құжаттары Қағидалардың ережелеріне қарағанда неғұрлым қатаң талаптар белгілесе, онда ЕТҰ-ның ішкі нормативтік құжаттарының ережелері немесе заңнама талаптары қолданылады.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1. Осы Қағидаларда мынадай нормативтік құқықтық актілерге, ұлттық стандарттарға және ішкі нормативтік құжаттарға сілтемелер келтірілген:

- "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
- "Самұрық-Қазына" АҚ компаниялар тобының комплаенс функциялары бойынша корпоративтік стандарт;
- Қоғамның компаниялар тобының комплаенс функциялары бойынша корпоративтік стандарт;
- ҚР СТ ISO 37001-2017: "Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйелері" стандарты;
- Қоғамның Іскерлік этика кодексі
- Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- Қоғам мүдделері қақтығысын реттеу саясаты;
- Қоғамның Комплаенс қызметі туралы ереже;
- Омбудсмен туралы ереже;
- Корпоративтік қауіпсіздік департаменті туралы ереже;
- Қоғамның қызметтік тергеулерін жүргізу ережесі.

3. Терминдер мен анықтамалар

3.1. Қоғамның осы Қағидаларында 1-кестеге сәйкес терминдер мен оларға сәйкес анықтамалар қолданылады.

Кесте 1. Терминдер мен анықтамалар

Терминдер	Анықтамалар
Жедел желі	"Самұрық-Қазына" АҚ бастамашылық ақпараттандырудың орталықтандырылған желісі, тәуелсіз Оператор қызмет көрсететін, заңнаманы және/немесе Іскерлік этика кодексін бұзудың нақты немесе ықтимал жағдайлары, оның ішінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, әдепті емес мінез-құлық және Қоғам қызметіне қатысты өзге де бұзушылықтар туралы өтініштерге арналған тәуелсіз, құпия және анонимді байланыс арнасы.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 5 из 14

Комплаенс қызметі	Қоғамның Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына, "Самұрық-Қазына" АҚ компаниялар тобының комплаенс функциясы жөніндегі корпоративтік стандартына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі;
Омбудсмен	Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындаған, Қоғамда Іскерлік этика қағидаттарын енгізуге және сақтауға ықпал ететін тұлға;
Корпоративтік қауіпсіздік департаменті	Қоғамның корпоративтік қауіпсіздігінің бірыңғай жүйесін қалыптастыруды, Қоғамның және ЕТҰ-ның меншікті, экономикалық және өзге де мүдделерін қорғау бойынша бақылауды жүзеге асыратын Қоғамның құрылымдық бөлімшесі;
Контрагент	Қоғам шарт/келісім жасасқан, не жасасуды жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға;
Жұмыскер	Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын тұлға, сондай-ақ азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша тартылатын өзге де тұлғалар;
Қауымдастырылған тұлғалар	Еншілес ұйымдардың жұмыскерлері, бірлескен кәсіпорындардың қатысушылары мен жұмыскерлері, Қоғам және оның ЕТҰ комитеттерінің мүшелері, Қоғам үшін қызмет көрсететін/жұмысты орындайтын немесе оның атынан сөз сөйлейтін ұйымдар мен өзге де тұлғалар, Қоғаммен шарттарда/келісімшарттарда/келісімдерде Тараптар болып табылатын контрагенттер, Қоғам үшін қызмет көрсететін/жұмыс жасайтын немесе Қоғам атынан сөйлейтін заңды және жеке тұлғалар, жеткізушілер, мердігерлер, консультанттар;
Лауазымды тұлғалар	Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, Байқаушы кеңесінің мүшелері және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына сәйкес Қоғамдағы мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген өзге де адамдар;
Реттеу талаптары	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының императивті нормалары орындау үшін міндетті, өзгертуге жатпайтын талап.

4. Қысқартулар мен белгілеулер

4.1. Қоғамның осы Қағидаларында 2-кестеге сәйкес қысқартулар мен белгілеулер қолданылды:

2-кесте. Қысқартулар мен белгілеулер

№ р/б	Белгілеулер мен қысқартулар	Келтірілген белгілеулер мен қысқартулардың толық атауы
1	ИСМ	интеграцияланған менеджмент жүйесі;
2	ВНД	ішкі нормативтік құжаттар;
3	ДЗО	Қоғамның еншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдары, оның ішінде бірлесіп бақыланатын ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындар

5. Жауапкершілік және өкілеттіктер

5.1. Комплаенс қызметінің басшысы ҚР-01 "Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының мазмұнына, баяндалуына және ресімделуіне қойылатын жалпы талаптар" құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес осы Қағидаларды әзірлеуге жауапты болады.

5.2. Комплаенс қызметінің басшысы ҚР-02 "Құжаттаманы басқару" құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес, осы Қағидаларды басқаруға жауапты болады.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 6 из 14

5.3. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне осы Қағидалардың талаптарын орындау үшін жауапкершілік жүктеледі.

5.4. Қоғамның Комплаенс қызметінің бас менеджеріне осы Қағидалардың таратылуы үшін жауапкершілік жүктеледі.

6. Негізгі бөлігі

6.1. Бастамашылық ақпараттандыру қағидаларын қолданудың негізгі қағидаттары.

6.1.1 Қоғам Корпоративтік басқарудың, транспаренттіліктің/ашықтықтың/айқындылықтың ең үздік стандарттарына ұмтылады. Қоғам қызметті Қоғамның Іскерлік этика кодексінде қабылданған құндылықтарға, қағидаттарға және мінез-құлық стандарттарына сүйене отырып жүзеге асырады және парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қатысты мүлдем төзбеушілікті ұстанады.

6.1.2 Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидаты Қоғам атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін қауымдастырылған тұлғалар, лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер үшін тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы белгілі бір елде бизнес жүргізу практикасына қарамастан, сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарға қатысуларына қатаң тыйым салуды білдіреді.

6.1.3 Қоғам Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, реттеуші талаптардың, Іскерлік этика кодексінің және Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де ішкі құжаттарының талаптарын сақтау мақсатында, осы бастамашылық ақпараттандыру қағидаларын енгізді және қабылдады.

6.1.4 Қоғам репрессиялық шараларға тыйым салады және қауымдастырылған адамдарды, лауазымды тұлғаларды мен жұмыскерлерді олар адал ниетпен немесе негізделген сенімділікпен пара беру әрекетіне, пара беру орын алғандығына немесе оның болжануына немесе Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты талаптарының бұзылуына, Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы менеджмент жүйесінің әлсіздігіне байланысты күдік туралы мәлімдегеннен кейін, олардан қорғайды.

Мұндай адамға қатысты тексеру жүргізілген сәтте немесе одан кейін тәртіптік шаралар немесе жұмыстан босату әрекеттері немесе оның өтінішінде пайда болған тұлғалар тарапынан оған өзге қысым жасалмауы тиіс. Сондай-ақ, қысым көрсетуден болатын кепілдік қолданыстағы заңнамада, ішкі ережелерде, Іскерлік этика кодексінде (мәліметтерді, құжаттарды, түсіндірмелерді және т.б. ұсыну арқылы тексеруге/тергеуге жәрдемдесу) көзделген өз міндеттері шеңберінде тексеру жүргізген немесе ықтимал бұзушылық туралы куәгер болған тұлғаға беріледі.

6.1.5 Қоғам қауымдастырылған тұлғаларға, лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерге осы Қағидалардың 6.3-тармағының 6.3.1-тармақшасында көрсетілген Қоғамның тиісті тұлғаларынан, егер олар сыбайлас жемқорлыққа және/немесе өзге де бұзушылықтарға байланысты болуы мүмкін проблемаға немесе жағдайға тап болса, қалай әрекет ету керектігі туралы кеңестер алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

3-кестеде осы Қағидалар қолданылатын мысалдар келтірілген

3-кесте Өтініштердің мысалдары

Парақорлық және сыбайлас жемқорлық, іскерлік этиканы бұзу	Жалдау мен еңбектің теңсез жағдайлары
– Заңсыз сыйақы; – Алаяқтық; – Сөз байласу; – Мәжбүрлеу; – Өкілеттіктерді теріс пайдалану; – Іскерлік этиканы бұзу.	– Еңбек жанжалдары; – Кемсітушілік; – Этикалық емес мінез-құлық; – Жұмыскердің құқықтарын бұзу
Комплаенс қызметі үшін	Омбудсмен және/немесе Комплаенс қызметі/Корпоративтік қауіпсіздік департаменті үшін

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 7 из 14

Бухгалтерлік есепке алуды бұзу	Денсаулыққа, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қауіп
– Бухгалтерлік есепке алудағы қателіктер; – Бухгалтерлік есепке алудағы бұрмаланулар; – Қаржылық олқылықтар; – Жазбалар мен құжаттарды бұрмалау	– Қоршаған ортаға зиян; – Мүлікке зиян; – Қауіпті жұмыс жағдайлары; – Ұрлық; – Денсаулыққа зиян келтіру
Корпоративтік қауіпсіздік департаменті үшін	Корпоративтік қауіпсіздік департаменті үшін
Ақпараттың ашылуы, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзудың басқа да фактілері	
- Құпия және инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу; - Құпия деректердің ашылуы; - Деректерді заңсыз беру; - Фишингтік хаттың ашылуы; - Корпоративтік тыңшылық және басқалар	
Комплаенс қызметі және/немесе Корпоративтік қауіпсіздік департаменті үшін	

6.2. Бұзушылықтар/ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлаудың негізгі қағидалары

6.2.1 Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының, реттеуші талаптардың, Қоғамның Іскерлік этика кодексінің талаптарын кез келген бұзу Қоғамның қызметі мен беделіне елеулі нұқсан келтіруі мүмкін, осыған байланысты барлық лауазымды тұлғаларға, қауымдастырылған тұлғалар мен жұмыскерлерге жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар туралы хабарлау қажет, бұл ретте анонимді хабарлауға жол беріледі.

6.2.2 Лауазымды тұлғалар, қауымдастырылған тұлғалар мен жұмыскерлер, егер оларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталмауы/сыбайлас жемқорлыққа оқталу, ол туралы күдіктері немесе орын алғаны жағдайлары немесе кез келген бұзушылықтары, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіндегі әлсіздіктер туралы белгілі болсо, онда олар бұл туралы тез арада хабарлауы тиіс.

6.2.3 Бұзушылықтар/ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі осы Қағидаларда белгіленген. Лауазымды тұлғалар, қауымдастырылған тұлғалар мен жұмыскерлер ұсынылатын ақпараттың дұрыстығын және оны ашудың адалдығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жұмыскерден және қауымдастырылған адамнан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау жағдайларына қатысты қандай да бір тергеу жүргізу талап етілмейді.

6.3. Бұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі және ден қою шаралары

6.3.1 Осы Қағидалардың 3-кестесінде және 6-бөлімінде келтірілген бұзушылықтар, сондай-ақ ықтимал бұзушылықтар туралы лауазымды тұлғалар, қауымдастырылған тұлғалар мен қызметкерлер хабарлайды:

- құрылымдық бөлімшенің басшысына- жоғары тұрған басшыға;
- COMPLAENCS қызметіне;
- Корпоративтік қауіпсіздік департаментіне;
- Жедел желіге;
- Омбудсменге хабарлайды.

6.3.2 Жұмыскерлер құрылымдық бөлімшенің басшысына жүгіне алады.

6.3.2.1 Бұл жағдайда хабарлау жеке кездесу кезінде немесе жазбаша нысанда жүзеге асырылады. Егер хабарлау жазбаша түрде жүзеге асырылса, алаңдаушылық туғызатын мәселенің тарихы мен хронологиясын баяндап, осындай алаңдаушылықтың себептерін көрсеткен жөн.

6.3.3 Жұмыскерлер жоғары тұрған басшыға және/немесе Корпоративтік қауіпсіздік департаментіне жүгіне алады.

6.3.3.1 Егер қарастырылып отырған мәселе тікелей басшыға қатысты болса немесе жұмыскер бұл мәселені тікелей жоғары тұрған басшымен талқылауды қаласа. Бұл ретте, алаңдаушылық туғызған мәселе мен себептердің жазбаша түрде нақты жазылғаны жөн.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 8 из 14

6.3.4 Тікелей басшы/жоғары тұрған басшы және/немесе Корпоративтік қауіпсіздік департаменті:

- ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламалар алады;
- өз жұмыскерлерінің осы Қағидалар мен белгіленген рәсім туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді;
- бұзушылықтар/ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлаған жұмыскерлер үшін ашық жұмыс ортасын көтермелейді;
- хабарламаны тиісті түрде қарайды, тергеу жүргізу қажеттілігін қарайды;
- осы мәселені өз құзыреті шегінде шешу мүмкін болмаған жағдайда, оны Қоғамның Комплаенс қызметіне жібереді.

6.3.5 Лауазымды тұлғалар, қауымдастырылған тұлғалар мен жұмыскерлер Қоғамның Комплаенс қызметіне және/немесе Корпоративтік қауіпсіздік департаментіне жүгіне алады.

6.3.5.1 Бұзушылықтар, сондай-ақ ықтимал бұзушылықтар туралы лауазымды тұлғалар, қауымдастырылған тұлғалар мен жұмыскерлер Қоғамның Комплаенс қызметіне және/немесе Қоғамның Корпоративтік қауіпсіздік департаментіне келесі байланыс арналары арқылы жүгіне алады:

- жазбаша түрде Microsoft Outlook корпоративтік поштасы арқылы, "EasyDocs" электрондық құжат айналымы жүйесіндегі қызметтік жазба арқылы осы Қағидаларға №1 қосымшаға сәйкес форматтағы ақпаратты көрсете отырып.

Қоғамның Корпоративтік қауіпсіздік департаментіне лауазымды тұлғалар, қауымдастырылған тұлғалар мен жұмыскерлер dcb@qazaqgaz.kz электрондық поштасы арқылы жүгіне алады.

6.3.5.2 Қоғамның Комплаенс қызметі және/немесе Корпоративтік қауіпсіздік департаменті өз кезегінде:

- ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламалар алады;
- Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес бұзушылық фактілері бойынша комплаенс тексеру/қызметтік тексеру және/немесе қызметтік тергеп-тексеру жүргізеді;
- жүргізілген тексеру нәтижелері туралы ақпарат берген адамға хабардар етеді;
- қажет болған жағдайда, тергеп-тексеру жөніндегі арнайы құрылатын комиссияларды қалыптастыру мақсатында, Қоғам бөлімшелерінің басшыларымен және басшылығымен өзара іс-қимыл жасайды;
- тексеру нәтижелері бойынша өтініш фактісі расталған жағдайда, тиісті ұсынымдар жібереді;
- түскен өтініштер бойынша Қоғамның Басқарма мүшелеріне, Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне және Қоғамның Директорлар кеңесіне хабардар етеді.

6.3.6 Лауазымды тұлғалар, қауымдастырылған тұлғалар мен жұмыскерлер Жедел желісіне жүгіне алады.

6.3.6.1 Бұзушылықтар, сондай-ақ ықтимал бұзушылықтар туралы лауазымды тұлғалар, қауымдастырылған тұлғалар мен жұмыскерлер қолда бар байланыс арналары арқылы Жедел желіге жүгіне алады:

- +7 800 080 4747 телефон нөмірі бойынша (ҚР аумағында қоңырау шалу тегін);
- mail@sk-hotline.kz электрондық пошта арқылы;
- www.sk-hotline.kz интернет-порталы арқылы;
- +7 771 191 8816 нөмірмен WhatsApp мессенджері арқылы.

6.3.6.2 Жедел желі тәулік бойы "24/7" режимінде жұмыс істейді. Телефон қоңырауларын Оператор дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды. Ақпаратты барлық адамдар мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде бере алады.

6.3.6.3 Өтініш білдірген адамның қалауы бойынша құпиялылық пен анонимділік қамтамасыз етіледі. Қалған уақытта (мереке/демалыс күндерін қоса алғанда) телефондық өтініштер автоматты жауап берушіге өтініштерді жазу мүмкіндігімен келіп түседі. Жұмыстан тыс уақытта алынған өтініштерді өңдеу өтінішті алғаннан кейінгі бірінші жұмыс күні жүзеге асырылады.

6.3.6.4 Құпиялылық пен анонимділікті қамтамасыз ету мақсатында, алынған барлық өтініштерді сыртқы тәуелсіз оператор қабылдайды және өңдейді, ол Комплаенс қызметіне күн сайын келіп түскен өтініштер туралы ақпаратты береді.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 9 из 14

6.3.6.5 Жедел желіге жүгінген адамға ешқандай ықпал ету шараларын қолдануға болмайды. Адал ниетпен мәлімдеген кез келген лауазымды тұлға, қауымдастырылған тұлға, жұмыскерлер немесе өзге де 3-ші адам еңбек қатынастарын тоқтатудан, лауазымын төмендетуден, іскерлік ынтымақтастықтан бас тартудан, қудалаудан немесе кемсітудің басқа да нысандарынан қорықпауы тиіс.

Бұл ретте, Өтініш берушінің өзіне берілген қорғауды теріс пайдалануға құқығы жоқ. Өтініш берушіге берілген қорғау көрінеу жалған өтініш бергені үшін тәртіптік немесе өзге де жауапкершілік шараларынан қорғау болып табылмайды.

Қоғамдағы болжамды бұзушылықтар жөніндегі барлық хабарламалар бойынша заңда белгіленген мерзімдерде Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен қызметтік тексеру не қызметтік тергеп-тергеу жүргізіледі.

Егер қызметтік тергеп-тексеру/қызметтік тексеру нәтижелері бойынша бұзушылық фактісі анықталған жағдайда, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін түзету шараларын қабылдау, сондай-ақ бақылау рәсімдерін жетілдіру тергеп-тексерудің/тексерудің аяқталуы болып есептеледі.

Жедел желі туралы ақпарат Қоғамның <https://qazaqgaz.kz> ресми сайтында орналастырылған.

6.3.7 Лауазымды тұлғалар, қауымдастырылған тұлғалар мен жұмыскерлер Қоғамның Омбудсменіне жүгіне алады.

6.3.7.1 Егер лауазымды тұлға, қауымдастырылған тұлға және жұмыскер қызметкерлердің құқықтарына байланысты бұзушылықтар туралы хабардар болған жағдайда, олар туралы Омбудсменге тез арада хабарлауы қажет.

6.3.7.2 Омбудсмен институты құрылымдық бөлімшелердің және Қоғамның барлық жұмыскерлерінің Іскерлік этика кодексінің ережелерін сақтауын қамтамасыз ету және корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды күшейту мақсатында, Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және Қоғам Басқармасы қабылдайтын бастамалар, шаралар мен іс-қимылдар шеңберінде құрылды.

6.3.7.3 Омбудсмен өз кезегінде:

- ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламалар алады;
- осы Қағидаларға және Қоғамның Іскерлік этика кодексіне сәйкес берілген әрбір мәселені ішкі құжаттарға сәйкес тиісті түрде қарайды, Кодекстің ережелері бойынша түсініктемелер мен консультациялар береді, бұзушылықтарды тергеп-тексеруді, әлеуметтік наразылықтардың көзін талдауды белгіленген тәртіппен жүргізу жөніндегі жұмысты үйлестіреді;
- Іскерлік этика кодексінің ережелерін бұзу бойынша дауларды қарауға бастамашылық жасайды және оларды реттеуге қатысады;
- істерді қарау кезінде процестерді әділ және тең құқықты жүргізуді жақтайды және Жұмыскерлердің ешқайсысын жақтамайды;
- бұл мәселені шешу мүмкін болмаған жағдайда, оны Комплаенс қызметіне жібереді.

6.3.7.4 Іскерлік этика кодексін бұзу Қоғамның беделі мен жұмысына зиян келтіреді және тәртіптік жазаға және/немесе жұмыстан шығаруға әкелуі мүмкін. Бұл ретте, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамада тікелей көзделген жағдайларда, Кодекстің белгілі бір ережелерін сақтамау сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу болып табылуы және дербес әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты, Омбудсмен:

- Іскерлік этика кодексін сақтамау мәселелері бойынша Қоғамның барлық жұмыскерлеріне жеке өзі жүгінеді;
- Қоғам жұмыскерлеріне Іскерлік этика кодексінің ережелерін түсіндіруді және түсіндірмелерді ұсынады.

7. Жазбалар

7.1. Осы Қағидаларда ҚР-03-20 "Жазбаларды басқару" құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес басқарылуы тиіс жазбалар жоқ.

8. Қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату

8.1. Осы Қағидаларды қайта қарау, өзгерістер енгізу, сақтау және тарату ҚР-02 "Құжаттаманы басқару" құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 10 из 14

8.2. Осы Қағидалардың қағаз түріндегі "түпнұсқасы" ИМЖ ОҚБ-да ресімделеді және сақталады.

8.3. Осы Қағидалардың сканерленген нұсқасы Қоғамның интранет-порталында орналастырылады.

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 11 из 14

№ 1 қосымша

"Хабарламаны ресімдеу
үшін ақпарат тізбесі"
нысаны

Комплаенс қызметіне және/немесе Корпоративтік қауіпсіздік департаментіне осы Қағидалардың 6-бөлімінде көрсетілген бұзушылықтар, сондай-ақ ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламаны ресімдеуге арналған ақпарат тізбесі

1. Байланыс деректері *(лауазымды тұлғаның/қауымдастырылған тұлғаның/жұмыскердің қалауы бойынша көрсетіледі):*


- тегі, аты, әкесінің аты;
- өтініш берушінің мәртебесі *(лауазымды тұлға/жұмыскер/қауымдастырылған тұлға / контрагент және т.б.);*
- байланыс ақпараты *(телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы).*

2. Хабарлама тақырыбы *(мысалы, сыбайлас жемқорлық, парақорлық, алаяқтық, мүдделер қақтығысы).*

3. Құқық бұзушылық туралы хабарлама және оның егжей-тегжейлері: *(сипатталған құқық бұзушылық, не жоспарланған құқық бұзушылық қашан, қайда және қалай орын алды, кім құқық бұзушылық жасады, бұл құқық бұзушылық Қоғаммен немесе оның ЕТҰ-мен қалай байланысты, сондай-ақ хабарламаны қарау үшін қажетті кез келген басқа ақпарат).*

4. Қосымша сұрақтар:

- Сізбен байланысқанымызды қалайсыз ба? *(олай болса, байланыс деректерін көрсету керек);*
- Сіздің хабарламаңызды қарау нәтижелері туралы ақпарат алғыңыз келе ме?
- Сіз бұзушылық туралы хабарламада баяндалған фактілерді растайтын құжаттарды немесе басқа материалдарды ұсына аласыз ба?




Редакция: № 2
Сәйкестендіру коды: ПР-13-25

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық
ақпараттандыру қағидалары**

стр. 12 из 14

Өзгерістерді тіркеу парағы

[illegible]



 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 13 из 14

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 13 из 14

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 13 из 14

 QAZAQGAZ НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QazaqGaz» ҰК» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакция: № 2 Сәйкестендіру коды: ПР-13-25	«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бастамашылық ақпараттандыру қағидалары	стр. 13 из 14

Танысу парағы

[illegible]

